

№3 ХАТТАМА

2025–2026 оқу жылы

ІІІ тоқсан

Өткізілген күні: 29 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар: Консультативтік пункт мүшелері, медбике, педагог-психолог, ата-аналар.

Күн тәртібі:

1. «Баланың денсаулығын нығайту» тақырыбындағы кеңес.
2. «Мектепке психологиялық дайындық» тақырыбындағы кеңес.

Медбике сөз сөйледі:

Медбике Майланова Жұлдыз балалардың денсаулығын сақтау, дұрыс тамақтану, шынықтыру және жеке бас гигиенасын сақтау жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Өз сөзінде баланың күн тәртібін сақтау, дәрумендерге бай тағамдарды тұтыну, таза ауада серуендеу және дене белсенділігінің денсаулыққа пайдасы туралы айтты. Сонымен қатар, жұқпалы аурулардың алдын алу үшін жеке бас тазалығын сақтаудың, қолды жиі жуудың және уақытылы медициналық тексеруден өтудің маңыздылығына тоқталды.

Педагог-психолог сөз сөйледі:

Педагог-психолог Құлқасева Гүлназым мектепке психологиялық дайындықтың негізгі бағыттары туралы баяндап, баланың танымдық қабілетін, зейінін, есте сақтауын және өзін-өзі реттеу дағдыларын дамыту бойынша ата-аналарға ұсыныстар берді. Ол мектепке дайындық тек оқу дағдыларымен шектелмейтінін, баланың өзіне деген сенімділігі, қарым-қатынас мәдениеті, тапсырманы тыңдап, соңына дейін орындай білуі де маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ, ата-аналарға баламен күнделікті әңгімелесу, бірге кітап оқу, логикалық ойындар ұйымдастыру және баланың жетістіктерін қолдап отыру жөнінде кеңес берді.

шешім:

1. Балалардың денсаулығын нығайтуға бағытталған іс-шаралар жалғастырылсын.
2. Мектепалды тобы бойынша ата-аналармен жеке кеңестер ұйымдастырылсын.

Хатшы: _____

Төрайым: _____

